

Е. Бахбергенов, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Т. Шанжанов, ҚААТ кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ЖАСЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЕСІРТКІГЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРЫН ТЕРГЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында «Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын реформалауды бастау керек. Ілгері ізгілендіруге, оның ішінде, экономикалық құқық бұзушылықты қылмыссыздандыруға маңыз беру керек, қылмыспен күресу» — деп атап кеткен¹.

Осы Жолдауда құқық қорғау саласы бойынша алдағы уақытта атқарылатын жаңа реформалау қажет екендігі туралы бірнеше басым бағыттар алға тартылды. Құқық қорғау саласындағы жаңа реформалар қоғамға оңтайлы септігін тигізетіні сөзсіз. Сонымен қатар, Жолдауда Елбасы жүктеген тапсырмалары бойынша құқық қорғау органдарының алдағы уақытта құқық бұзушылықтың алдын алу әрекеттерін, ұйымдасқан қылмыс пен есірткі заттарын заңсыз айналымға түсірумен байланысты қылмыстарға қарсы күрес жұмыстарын күшейту туралы көрсетілген.

Есірткі заттарды тұтынуға көндіру қылмысы есірткі заттардың немесе психотроптық заттардың елімізде таралуының бір түрі болып келеді.

Е. А. Оңғарбаевтың айтуынша, қоғамдық қауіптілік қылмыстың әлеуметтік мәнін көрсететін бірінші белгісі. Қоғамға қауіпті деп қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіру мүмкіндігін туғызатын немесе зиян келтіретін әрекеттерді

айтамыз. Келтірілген зиян әртүрлі болуы мүмкін; материалдық, психикалық, идеологиялық, физиологиялық².

Есірткі саудасымен айналысатындардың басты бағыттарының бірі есірткі өткізетін жерлерді қамтамасыз ету. Осы мақсатта, есірткі қолданылатын адамдардың шеңберін кеңейту үшін олар әртүрлі әдістерге барады. Мәселен, адамның жаңа нәрсені көріп білгісі келген тансық сезіміне әсер етумен, адамның өмірінде кездесетін келеңсіз жағдайын, әлеуметтік күйзелісін пайдаланып, қандай да бір адамдар арқылы өздеріне жаңа адамдарды тауып отырады. Осы адамдарға өтірік жаны ашыған сияқтанып, есірткі тұтындық қауіпсіз екендігіне көзін жеткізген болып, бірте-бірте оларды есірткіні жаңадан енді бастап тұтынып жатқандардың тобына тартады, тіпті алғашқы уақытты есірткіні тегін береді. Сөйтіп, адамда есірткіні тұтынудан физикалық және психикалық тәуелділік қалай пайда болады, солай оған қанша қарыз екенін көрсете қояды. Сол мезеттен бастап жаңағы адам есірткісіз өмір сүре алмайтын болғандықтан есірткі саудасымен айналасатындардың тұрақты клиенті болып шығады³.

Қазақстандағы есірткі жағдайының күрделенуі мемлекеттің ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне келесідей мәселелердің туындауына әкелуі мүмкін:

- есірткі заттардың заңсыз айналымының ең қауіпті салдарының бірі адамзат потенциалының деградациясы, дене және психикалық денсаулықтың ұлт геноқырының бұзылуы. Ол есірткі заттардың әсіресе жастарға әсер етуімен байланысты. Сонымен қатар, ЖИТС ауыруының таралуымен ұштасады. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, осы ауыру 80 пайызы есірткі заттарды пайдалану жолымен таралады;
- есірткі заттардың заңсыз айналымы ұйымдасқан қылмыстылық пен қоғамның криминалдануына әкеледі. Есірткі саудасы тек сол саладағы ғана емес, басқа да құқыққа қарсы әрекеттерді қаржыландырады: жезөкшелік, рәкет, адам ұрлау т. б.

Жасы кәмелетке толмағандарды есірткі заттарды тұтынуға көндіру нәтижесінде психофизикалық, әлеуметтік-психологиялық немесе криминалдық залал келеді. Соның салдырынан жалпы әлеуметтік тәрбиелеу процесі және жасөспірімдердің жеке адам болып қалыптасуы іс жүзіне аспайды. Жасы кәмелетке толмағандарға келетін психофизикалық зардап ересектерге қарағанда әлдеқайда зор. Олардың осы есірткі заттарды ерте тұтынуынан, ұрпағымыздың болашағына түзілместей зиян келеді. Есірткі заттарды тұтынуға жасы кәмелетке толмағандарды көндіру, оларды тез арада нашакорлық дерті түріндегі тәуелділікке әкеледі. Есірткіні тұтыну кей кездерде олардың тікелей немесе жанама өліміне әкеліп соғады. Сондықтан есірткіге бой ұру жалпы халықтың денсаулығына арылмай зиян келтіріп, болашақ ұрпақтың рухани, өнгелі дамуына кедергі жасайды. Себебі, жас кезінде олардың адам болып қалыптасу кезеңі басталады. Сондықтан да жасөспірім қалыпты, жеке адам есебінде әлі қалыптасып болмағандықтан, әрдайым өрісті өнеге, саналы салттың әсерін қажет етеді.

Әлеуметтік психология, есірткі заттарды қолдану салдарынан болатын адамның әлеуметтік құлдырау зардаптарын сипаттайды. Оның әлеуметтік құбылыс ретіндегі негізгі қауіптілігін осы жерден көруге болады.

Қорыта келгенде, есірткіні тұтынғандағы қылмыстық зардап, басқа психофизикалық, әлеуметтік—психологиялық зардаптармен тығыз байланысты. Жасөспірімдердің есірткіні қолдануы олардың қоғамға қарсы қылмыстармен тығыз байланыста. Есірткінің қауіптілігін осы арадағы қатынастардан көруге болады. Бұл жасөспірімдердің өзін-өзі бақылау қабілетін шұғыл әлсіздетеді. Сөзімнің дәлелі ретінде елімізде есірткіге мас болу буымен жасөспірімдер жасаған қылмыстың өсуін айтуға болады деп есептейміз.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «"Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012. 14 желтоқсан.

² Онгарбаев Е. А. Классификация преступлений и ее правовые значения: Монография. — Караганда, 1996. — С. 148.

³ Миньковский Г. М., Ревин В. П. Совместные социально-правовые проблемы борьбы с наркотизмом. — М., 2005. — С. 63.